

## "Уақытша өтемдік тарифті бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 484 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 100 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда № 17978 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

"Уақытша өтемдік тарифті бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 484 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14644 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 18 қантарда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уақытша өтемдік тарифті бекіту қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Табиғи монополия субъектісі уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы ақпаратты тұтынушының назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын жеткізеді.

Уақытша өтемдік тарифтің қолданылуы кезеңінде табиғи монополия субъектісі ай сайын коммуналдық көрсетілетін қызметтерді төлеу туралы төлем құжатындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің құнына ескертпе түрінде берілген тарифтерді төмендету туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына жеткізеді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтің құнына берілген ескертпеде уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында жарияланған, уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы уәкілетті орган ведомствосының шешіміне сілтеме жасалып, тұтынушылардың қаражатын қайтару сомасын көрсетумен бағаны төмендету туралы ақпарат көрсетіледі".

2. Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашкы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министри

T. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрлігі